

# ***Педагогикалық категориялар, принциптер, заңдылықтары***

Орындаған: Мухаммедалиева Т.Қ

Педагогикалық ұғымдар арқылы педагогикалық құбылыстар, олардың өзара байланысы, даму заңдылықтары айқындалады. Педагогика - «пейдагогис» грек сөзі «пейда» — бала, гогос жетелеймін, «бала жетелеуші» — деген ұғымды білдіреді, тәрбие туралы ғылым. Көп жылдар бойы ұйымдастырылған тәрбие мен тек балалар қамтылғандықтан, педагогиканы бала тәрбиесі туралы ғылым деп атады. тәрбиені, білім беруді, оқытуды зерттейтін теориялық және қолданбалы ғылымның жиынтығы. Жас ұрпақтар тәрбиесі туралы ғылым. Адам тәрбиесі туралы ғылым. Адам дамуының әрбір жас кезеңіне сәйкес оған білім беру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту, өмірге даярлау туралы ғылым.

Педагогика пәні - ғылым танымдық сала ретінде педагогика пәнінің зерттеу саласы - қоғамның ерекше қызметі - тәрбие. оқу - тәрбие мәдени ағарту мекемелерінде ұйымдастырылатын тәрбие, оқыту мен білім беру.

адамның жеке басының даму, қалыптасы мәнін зерттеу негізінде арнайы ұйымдастырылған педагогикалық процесс.

Тұлғаның жеке басының дамуы мен тәрбиесі арасындағы заңды байланыстарды зерттеу, оның негізінде тәрбиелеу қызметінің теориялық және әдістемелік негізін құру.

- \* адамның адамды тәрбиелеуі.
- \* Тәрбиелік іс — әрекет.
- \* Арнайы ұйымдастырылған әлеуметтік сала.

# ***Педагогиканың категориялары***



\*Тәрбие - тарихи ұғым. Ол адамзат қоғамымен бірге пайда болып, оның өмір сүруі мен дамуының ажырамас бөлігіне айналды және қоғам өмір сүріп тұрғанда ол да өмір сүретін болады. Сондықтан да тәрбие - жалпыға ортақ және мәңгілік категория. Көптеген философтар қоғам өмірін басқарып, реттеп отыратын заңдарға талдау жасай отырып, тәрбие мен қоғамның өңдірістік күштерінің даму деңгейі арасында объективтік байланыс бар екенін дәлелдеді. Тәрбие қоғам дамуына ықпал етеді, ал қоғам тәрбие беруге кең мүмкіндіктер жасайды, оның қоғам өмірінің маңызды саласы ретінде дамуына жағдай туғызады. Адамдар бойында ізгі-құндылық қасиеттерді қалыптастыруға мақсатты бағдарланған, сонымен қатар сапалы орындалатын педагогикалық процесс.

\* Педагогиканың келесі негізгі категориясы - оқыту. Бұл оқытушылар мен оқушылардың білімді, қабілетті, дағдыларды бойға сіңіріп, игеруге, оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптасыруға, ақыл-ой күштері мен әлуетті мүмкіндіктерін жетілдіруге, алға қойған мақсаттарға сай өзін-өзі білімдендіру дағдыларын орнықтыруға бағытталған ұйымдасқан, мақсатты және басқару арқылы жүзеге асырылатын өзара іс-қимыл жасау процесі. Оқытып-үйретудің негізін білім, қабілет және дағды құрайды. Білім беру - тәрбиенің және оқытып-үйретудің нәтижесі. Тура мағынасында білім беру оқып үйренген пәндер туралы нақты, түпкілікті түсініктерді, бейнелерді қалыптастыру және олар арқылы тәрбиелеу болып табылады.

\* Білім беру - бұл оқушылар алып, меңгеретін білімдердің, қабілеттердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы. XIX ғасырда білім алу адамның қалыптасуы ретінде түсінілді. Қазіргі кезде адамзат баласы жинақтап, зерделеген білім негіздері ұшан-теңіз, адам қаншама ұзақ уақыт оқып-үйренсе де, осыншалық білімнің бәрін бірдей игере алмас еді.



# Педагогикалық заңдылық



- \* Педагогикалық заң - педагогикалық құбылыстардың дамуына, жағдай туғызатын олардың объективті негізгі, маңызды тұрақты байланыстары. Педагогикалық зерттеулер қоғамдық дамудың жаңа дәуіріндегі тәрбие, білім беру мәселесі, және адамның жеке тұлға болып қалыптасуы, педагогиканың өз ішіндегі проблемаларымен байланысты қарастырылады.



З

- Педагогикалық зерттеу әдістері - педагогикалық құбылыстар мен шешімдердің, әртүрлі ғылыми проблемалардың оқу - тәрбиелік сипатын айқындауға бағытталған тәсілдер мен амалдардың белгілі бір жиынтығы .

а

- Зерттеу әдістері - (методтары) - болжамды гипотезаны дәлелдеу мен тексеруге арналған зерттеушілік іс -әрекеттің, қызметтің, істің жобасы моделі, үлгі пішім, сызба, ықшамсызығы

ң

- Зерттеу әдістемесі (методика исследования) - мәселені толық және дұрыс шешуді қамтамасыз ету үшін мақсатты қолданылатын әдістер жүйесі.

\* Педагогикалық үдеріс белгілі бір заңдылықтар мен принциптерден тұрады.

\* Педагогикалық үдеріс заңдылықтары - педагогикалық үдеріс құбылыстары мен аспектілері арасында объективті өмір сүретін, қайталанып тұратын, тұрақты, мәнді байланыстар. Педагогикалық үдерістің жалпы заңдылықтары: Тәрбие мен әлеуметтік жүйе байланысты; Оқыту мен тәрбие байланысты; Тәрбие мен іс-әрекет байланысы; Тәрбие мен тұлға белсенділігі байланысы; Тәрбие мен қарым-қатынас байланысы.